КОПИЯ

АВТОРЛЫҚ КЕЛІСІМШАРТ № 009

Алматы қ.«30» қараша 2022 ж.

Бұдан әрі «Баспа» деп аталатын **«Керемет медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің** атынан оның Жарғы және «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңының негізінде іс-әрекет ететін директоры **Акылов Саят Торебайұлы**, бір жағынан, және бұдан әрі «Автор» деп аталатын жеке тұлға, **Сафуллин Жантас Набиоллиевич,** Қазақстан Республикасының азаматы, жеке куәлік №046892492, берген мекеме ҚР ІІМ, берілген күні 13.11.2019 ж., ЖСН 820806301784,екінші жағынан, тұтас алғанда «Тараптар» деп аталатын адамдар төмендегі туралы осы келісімшартты жасасты:

1. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ НЫСАНАСЫ

1.1. Автор бұдан әрі «**Жетпіс палуан**» атты туынды (комикс қазақ тілінде), өз туындыларын осы келісімшартқа қол қойылған кезден бастап бір (1) жыл бойы және төменде келісілген жағдайда Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында шектеусіз пайдалануға Баспаға айрықша құқықты береді.

1.2. Баспаның Туындыға айрықша құқығы оның дербес те, басқа тұлғаларға тиісті рұқсат (лицензия) беру арқылы да Туындыға қатысты ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңында көзделген барлық іс-әрекетті жүзеге асыра алатынын, оның ішінде шығарманы басып шығаруы, таратуы, сондай-ақ оны электронды түрде веб-сайттарда пайдалануға мүмкін екенін білдіреді.

1.3. Бұл келісімшарт «Туындыны» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасымен шығару үшін алдын ала жасалды. Егер министрліктің сараптамасынан өтсе, «Туынды» баспадан міндетті түрде жарық көреді. Ал сараптамадан өтпесе, онда бұл келісімшарт өз күшін жояды.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Баспаның құқықтары:

2.1. Туындыны үшінші жақтың ҚР заңнамасында белгіленген кез келген тәсілмен рұқсатсыз пайдалануына тыйым салуға құқылы, «Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы» ҚБ-ның авторлық еңбектерін жариялауды қоспағанда. Баспа Шығарманы пайдалануға өзінің айрықша құқығын бұзушылардан тікелей шығынды, алынбай қалған пайданы не табысты, не өтемақыны «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңында көзделген тәртіппен талап етуге құқылы.

Автордың құқықтары:

2.2. Туындыға авторлық құқығын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен және әдістермен қорғауға құқылы.

2.3. Туындыны басуға қол қойылғанға дейін Әңгімеге өзгеріс не толықтыру енгізуге және Баспаға Туындыны осы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып жариялауды ұсынуға құқылы.

Баспаның міндеттері:

2.4. Автордың жеке мүліктік емес құқықтарын мүлтіксіз сақтауға міндетті.

2.5. Туындының Авторы сол екенін көрсете отырып, Туындының әрбір данасында Автордың тегін, атын және әкесінің атын жазуға; авторлық құқықты қорғау белгісін © орналастыруға міндетті.

2.6. Туындыны тиісті сапамен және қабылданған стандарттарға сәйкес басып шығаруға міндетті.

2.7. Туынды қайта басып шығару ниеті туралы Авторға жазбаша хабарлауға міндетті. Әңгімені өзгерістермен қайта басып шығаруға осы Келісімшартқа қосымша келісім негізінде жол беріледі.

Автордың міндеттері:

2.8. Осы Келісімшарт арқылы құқығы Баспаға берілген Туындыға бәсеке тудыратын өз Туындысын өз есебінен не кез келген басқа тұлғаның есебінен (оның ішінде анонимді түрде немесе бүркеншік атпен) жарияламауға міндетті, «Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы» ҚБ-ның авторлық еңбектерін жариялауды қоспағанда.

2.9. Осы Келісімшарт бойынша берілген құқық бұзылса немесе кез келген басқа үшінші тұлға дау туғызса, Баспаға қажетті қолдау көрсетуге, сондай-ақ осы Келісімшарттан туындайтын авторлық құқығы бұзылуының өзі бірінші болып білген кез келген жағдайы туралы Баспаны дереу хабардар

етуге міндетті.

3. ҚҰҚЫҚТЫ БЕРУ ЖӘНЕ КЕПІЛДІКТЕР

3.1. Баспаның осы Келісімшарт бойынша алынған мүліктік құқықты үшінші тұлғаға беруі жөніндегі әрбір мәміле туралы, «Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы» ҚБ-ның авторлық еңбектерін жариялауды қоспағанда. Автор мәміле жасалған кезден бастап 30 күн ішінде жазбаша хабардар етілуге тиіс, «Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы» ҚБ-ның авторлық еңбектерін жариялауды қоспағанда.

3.2. Шарт бұзылған жағдайда, құқығы бұзылған Тарап құқықты тануды, құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіруді және құқықты бұзатын немесе оның бұзылуына қауіп төндіретін әрекеттерді тоқтатуды талап етуге құқылы.

3.3. Шартта көзделмеген жағдайларда мүліктік жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

4. ФОРС-МАЖОР

4.1. Егер осы Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау тараптардың еркінен тыс жағдайлар салдарынан болса, Тараптар ол үшін жауапкершіліктен босатылады. Еркінен тыс жағдайлар әсеріне ұшыраған Тараптардың міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдай болған мерзімге ұзартылады.

4.2. Өз еркінен тыс төтенше жағдай әсеріне ұшыраған Тарап 5 (бес) күн ішінде басқа Тарапты өз еркінен тыс төтенше жағдай әсерінің басталуы мен аяқталуы туралы хабардар етуге міндетті.

4.3. Егер тараптардың еркінен тыс жағдайлар 1 (бір) айдан астам мерзімге созылатын болса, Тараптардың міндеттемені одан әрі орындаудан бас тартуға және осы Келісімшартты бұзуға құқығы бар. Бұл ретте Баспа Авторға Әңгімені қайтарып беруге және тараптардың еркінен тыс жағдайлар туындаған кезге дейін Әңгімені пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуге міндетті.

5. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, БҰЗУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

5.1. Осы Келісімшарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 21.05.2023 ж. дейін қолданылады.

5.2. Осы Келісімшартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар, жазбаша түрде орындалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері оған тиісінше қол қойған жағдайда ғана Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

5.3. Келісімшарт Тараптардың қалауы бойынша немесе форс-мажорлық жағдайға байланысты бұзылуы мүмкін.

5.4. Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау процесінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеудің барлық орынды шараларын қолданады.

5.5. Тараптар өзара келісімге келмеген жағдайда, даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот органдарында шешілетін болады.

6. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

6.1. Тараптар екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайлардан бөлек, Шарттың мазмұнын ешкімге ашпауға, Шарттың түпнұсқасын, көшірмелерін, электрондық нұсқасын немесе оның қандай да бір ережелерін бермеуге міндеттенеді.

6.2. Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шарттың талаптарын орындау мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға міндеттенеді.

6.3. Шарттың осы бөлімінде жазылған талаптар Шарттың бүкіл мерзімі ішінде әрекет етеді.

7. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

7.1. Тараптар белгіленген мерзімде қызмет көрсетуге кедергі келтіретін туындайтын қиындықтар туралы бір-бірін уақытылы хабардар етуге міндеттенеді.

7.2. Осы Шарттың қолданылу кезеңінде туындайтын Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер жолымен шешеді.

7.3. Талап-арызы бар тарап сотқа жүгінгенге дейін екінші Тарапқа жазбаша талап-арыз жіберуге міндетті, онда қойылатын талаптардың негіздемесі, Шарттың талаптарына сілтеме және өзге де қажетті мәліметтер қамтылуға тиіс. Шағым оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

7.4. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде осы Шарттан немесе оған байланысты Тараптар арасында туындауы мүмкін кез келген даулар мен келіспеушіліктерді шешу үшін барынша күш салатын болады, Тараптар мүмкіндігінше соттан тыс тәртіппен келіссөздер жүргізу жолымен достық тәсілмен шешуге міндеттенеді. Даулар мен келіспеушіліктерді мұндай реттеу мүмкін болмаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешу үшін жауапкердің орналасқан жері бойынша Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотқа берілетін болады

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Осы Келісімшарт бірдей заң күші бар 2 (екі) түпнұсқа дана етіп жасалды, оның бірі – Баспаға, екіншісі Авторға арналған.

8.2. Осы Келісімшартта көзделмеген өзге де жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алатын болады.

8.3. Баспа қайта ұйымдастырылған жағдайда осы Келісімшарт бойынша барлық құқық пен міндеттеме тоқтатылмайды, оның құқық мұрагеріне беріледі.

8.4. Тараптар мекенжайы мен деректемелерінің өзгеруі туралы бір-бірін 5 (бес) күн ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті.

8.5. Осы Шартқа қол қойылғанға дейін Тараптар арасындағы барлық келіссөздер мен хат алмасулар оған қол қойылған күннен бастап заңды күшін жоғалтады.

8.6. Осы Шарттың қолданылу кезеңі ішінде өзінің банктік деректемелері мен заңды мекенжайы өзгерген жағдайда Тараптардың кез келгені бұл туралы күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде екінші Тарапқа хабарлауға тиіс. Осы талаптың орындалмауынан туындаған барлық теріс салдар оны орындамаған Тарапқа қатысты.

АВТОР:
Сафуллин Ж.Н.
Орал қ., Ж.Омарова к-сі.,
37-үй, 33-пәтер
Жеке куәлік №046892492
13.11.2019ж. ҚР ІІМ берген
ЖСН 820806301784

_____ **Сафуллин Ж.Н.**

ЖШС «Керемет медиа»
г. Алматы, 8-мкр. д. 19 А
БИН: **120440026765**
ИИК: KZ09826AIKZTD2020573
БИК: ALMNKZKA
ДБ АО «First Heartland Jusan Bank»
Алматы қ.

Директор _____ **Акылов С.Т.**

Республика Казахстан, город Алматы,
первое декабря две тысячи двадцать второго года.

Я, Амирова Зубайра Жетписовна, нотариус города Алматы, действующая на основан государственной лицензии № 0000187 от 10 августа 1998 года, выданной Министерство юстиции Республики Казахстан, свидетельствую верность этой копии с подлинник документа. В последнем подчисток, приписок, зачеркнутых слов и иных не оговоренн исправлений или каких-либо особенностей не оказалось.

Зарегистрировано в реестре за №1-1059
Взыскано: на основании ст. 611 НК РК. ст. 30-1 Закон РК «О Нотариате» .

Нотариус

Байланып тігілген және нөмірленген
Прошнуровано и пронумеровано
на 3 листах
Нотариус

EC540190122120119231 1R73705E

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия